

**2021-2022 оқу жылындағы
«Қазақша сөйлейік» үйірме жұмысының жылдық есебі**

Қазақ тілі пәнінен «Қазақша сөйлейік» үйірмесінің жұмыс бағдарламасы 10 сынып оқушыларына арналған. Үйірме бағдарламасы 17 сағатқа есептелген (2 аптада 1 сағат) жылдық жоспары директорға бекітіліп, сол тақырыптық жоспар бойынша жұмыс жүргізілді. Үйірме бағдарламасы мектеп бағдарламасына көмекші құрал ретінде жасалынған. Үйірме бағдарламасы оқушыларға сөйлеу дағдыларын меңгеруге, грамматикалық және тілдік қателерді болдырмауға, нормаларды сақтай отырып, мәтіндер мен хабарламаларды құрастыруға үйретті. Оқушылармен жұмыс істеу барысында оқушының қабілетіне қарай сабақта тапсырмаларды орындау ерекшелігін, оқу мәнерін бақылап отырдым. Оқыту барысында балалар қазақ тілін қарым – қатынас құралы ретінде меңгерді, оны ауызша түрде пайдалана білді, дауыстап сөйлеу – тыңдау түсінігін және өз ойын қазақ тілінде білдіруді үйренді. Үйірме қатысушылар қазақ халқының салт-дәстүрлері, халық ауыз әдебиеті шығармашылығы, ұлттық ойындары туралы білді. Қосымша тест алып, білім деңгейлерін анықтап отырдым. Бекітілген жоспарды толығымен орындап шықты.

Үйірме жетекшісі Тлеулинова Г.Б.

